Жетписбаева Калуаш Бериковнаның «8D02209 - Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия ғылымының докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Парсы тіліндегі мәдени концептілердің вербалды репрезентациясы» атты диссертацияға

АҢДАТПА

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Қазіргі тіл білімінде тіл тек қарым-қатынас құралы ретінде қарастырылмайды. Тіл – мәдени білімдердің жиынтығы ретіндегі когнитивтік жүйе. Лингвистикада тіл мен мәдениетті байланыстыра қарастыратын лингвомәдениеттану, мәдени лингвистика және когнитивті лингвистика сияқты антропоөзекті парадигмадағы бағыттардың қарқынды дамуы осыны көрсетеді. Бұл бағыттағы зерттеулерде адамның концептуалдау механизмдері арқылы менталды құрылымдардың, яғни концептілердің пайда болатыны тұжырымдалды.

Қазіргі отандық тіл білімінде тілді мәдениет контексінде қарастыруда лингвомәдениеттану метатеориясы басымдыққа ие. Парсы тіліндегі мәдени концептілерді зерттеуде лингвомәдениеттанудан өзге де зерттеу модельдеріне (мәселен, Мәдени Лингвистика) сүйене отырып, әдіснаманың баламасын қамтамасыз етуге болар еді. Бұл заманауи лингвистикадағы басты қағидаттардың бірі – әдіснамалық плюрализм концепциясына (Feyerabend, 2007) сәйкес келеді. Бір мәселені әртүрлі әдіснамалық тұрғыдан қарастыру лингвистиканы дамытатыны сөзсіз.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі отандық шығыстану міндеттерімен тікелей байланысты. Ислам өркениеті кеңістігіндегі араб, парсы және түркі мәдениеттерінің өзара ықпалдасуы сол мәдениет иелерінің тілдерінде көрініс тауып, сақталды. Қазақ тілінің сөздік қорында әлемдік мәдениеттің жауһары – классикалық парсы әдеби мәтіндері арқылы еніп, орныққан кірме сөздер, нәркес көз, сүмбіл шаш, лағыл ерін, алма мойын секілді кірме фразеологизмдер «шығыстық қабатты» (Р.Сыздықова термині) құрайды. Араб, парсы кірме сөздері мен фразеологизмдері, олардың ішкі формасындағы образдар Л. Рүстемов (1982) және Б.Жұбатова (2014) сынды шығыстанушы-лингвистер тарапынан біршама зерттелді. Ендігі кезекте сол парсылық образдардың генезисін анықтау, олардың түпнұсқа тілдегі этимондарының қолданысын, мәдени мәнін зерттеу – ирантанушылардың алдында тұрған өзекті мәселе. Зерттеу қазақ семасиологиясына жаңа материалдар ұсына алады.

Зерттеу тақырыбы парсы тіліндегі мәдени концептілерге арналғанмен, зерттеу фокусы ретінде гүл мен асыл тас концептілері таңдалды. Осы арқылы зерттеудің нақты шекарасы белгіленді. Таңдау критерийлері гүл мен асыл тас атауларының қолданылу жиілігі, мәдениетте вербалды және бейвербалды түрде көрініс табуы, тіл мен мәдениеттегі мәні, лингвистикалық тұрғыдан зерттелу деңгейі сияқты параметрлерді қамтиды.

Гүл мен асыл тас атауларының тілдегі қолданылу жиілігі парсы тілінің корпустары негізінде жүргізілді. Гүл мен асыл тастың зерттеу нысаны ретінде қарастырылуы олардың Иран мәдениетіндегі мәнімен байланысты.

Ирандықтардың әлемді танудағы ерекшеліктері, аксиологиялық әлемі лингвистердің (Г. Голева), әдебиеттанушылардың (А.Шиммель, Н. Чалисова), минерологтердің (М.Йазди, А.Ферсман), тарихшылардың (А.С. Меликиан-Ширвани, А. Хазени) еңбектерінде кеңінен қарастырылды. Басқаша айтқанда, гүл мен асыл тас концептілерін бөліп алып, жеке қарастыру иран мәдени танымы құрылымының логикасымен тығыз байланысты. Бізде дейінгі зерттеулер гүл мен асыл тасты ирандықтардың концептілер жүйесіндегі ядролық концептілер деп тануға мүмкіндік береді.

Гүл мен асыл тас атауларының мәдени концептуалдану үдерісінің нысаны ретінде бөліп қарастыру келесі теорияларға сүйе отырып жасалды:

1) әдебиеттанудағы метафоралық субституция теориясында (Н.Ю.Чалисова, М.Н.Османов, А. Шиммель, т.б.) иран әдебиетіндегі әлемді суреттеу көбіне гүл мен асыл тасқа қатысты лексика арқылы жүзеге асады (аспан – фирузе, ерін – лағыл, көз жасы – гауһар, көз – нәркес). Гүлдер мен асыл тастар парсы поэтикасындағы басты предикаттар болып саналады.

2) Г.Гачевтің (2002) «Әлемнің ұлттық бейнелері» (ӘҰБ) концепциясы бойынша, әрбір ұлттық мәдениет – болмысты пайымдаудың қайталанбас тәсілі. ӘҰБ-сінде қоршаған шындық толық көрініс таппайды, болмыстың мәдениет иелерінің маңызды деп таныған қырлары ғана бейнеленеді. Бұл мәдени маңызды бейнелер «Космо-Психо-Логос» үштігінің бірлігі негізіне сүйенеді: мұндағы Космо-Ғарыш (табиғат, ландшафт), Психо – халықтың мінезі мен жаны болса, Логос халықтың танымдық ерекшелігін, тілі мен мәдениетін қамтиды. Бұл концепцияны басшылыққа алсақ, ирандықтардағы әлемнің ұлттық бейнесі поэтикалық ойлаумен, сезім мен рухани дүниелердің басымдылығымен және эстетиканың доминант рөл атқаруымен сипатталады деуге негіз бар.

3) Әлем тілдеріндегі асыл тас атауларының шыққан тегі – парсы тілі, бұл иран мәдениетіндегі асыл тастардың мән жасай алатын қасиетін көрсетеді. Тарихи-материалдық тұрғыдан Персия ежелден Шығыстағы асыл тастар өндіретін және тарататын орталық болған. Асыл тастар – материалдық мәдениет элементі болуымен қатар, символдық мәнге ие минералдар, сондықтан олар «ұлттың минералогиялық құжаты» (Fersman, 2003). Түр-түстердің әлемдік номенклатурасындағы persian blue, persian pink, persian red, persian green, persian plum, persian orange, persian rose (Kelly & Judd, 1955) деп аталатын түстер де Иран мәдениетімен байланысты. Келтірілген атаулардағы «persian» (парсылық) сөзі ирандықтардың жоғары эстетикалық талғамына мегзейді. Кейбір түстердің шығу тегі гүлдер (раушан, запырангүл) және асыл тастармен (фирузе, лазурит) байланысты екенін ескерсек (MelalePersian, n.d.), ирандықтардағы әлемнің ұлттық бейнесінде гүл мен асыл тас концептілерінің ерекше маңызға ие екенін түсінеміз.

Қорыта келгенде, зерттеушілердің бәріне ортақ тұжырым біреу: ирандықтардағы әлемнің бейнесінде вербалды және бейвербалды формада репрезентацияланатын гүлдер мен асыл тастар – иран мәдениетінің іргетасы, иран Логосының діңгегі. Келтірілген негіздемелер тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Зерттеу өзектілігінің уәждемесі тіл, мәдениет және мән мәселелерін

қамтып, ирандықтардың тілдік санасына бойлауға, мәдени және ұлттық бірегейлігін танып, тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Тақырыптың зерттелуі деңгейі. Ирандықтардың тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын және рухани тәжірибесін қамтитын маңызды категориялардың бірі - табиғат. Иран мәдениетінде табиғат - әлемді тану мен оны түсіндірудің негізгі құралдарының бірі ретінде көрініс табады. Табиғатпен байланысты символдық бейнелер иран мәдениетінде тек вербалды деңгейде ғана емес, бейвербалды мәдени кодтар арқылы да кеңінен көрініс табады. Әсіресе гүлдер мен асыл тастар ирандықтардың сәулет өнерінде, қолөнерінде, кілем тоқу дәстүрінде және әдеби мәтіндерде маңызды мәдени мәнге ие. Мысалы, әйгілі парсы кілемдері күрделі көркем мәтін ретінде қарастырылып, онда бейнеленген гүлдер мен құстар халықтың мәдени жадын сақтайтын элементтер ретінде қызмет етеді. Ал асыл тастар иран мәдениетінде тек материалдық құндылық емес, тарихи-мәдени және сакралды мағынаға ие нысандар ретінде танылған. Сол себепті, иран мәдениетінде табиғаттың маңызды репрезентанттары - асыл тас пен гүл атауларын - зерттеу иран халқының дүниетанымы мен мәдени ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді.

Иран мәдениетіндегі асыл тастар мен гүл атауларын зерттеуге арналған А.Шиммель, М.Н.Османов, Н.Чалисова, В.Руйани, М.Ағамохаммади, Б.Герами, А.С.Меликиан-Ширвани, М. Әбришәми, А.Афшар, Ж. Мейсами және т.б. ғалымдардың еңбектері сүбелі зерттеулер қатарында. Зерттеушілер парсы поэзиясындағы көркем образдар жүйесіне арналған жұмыстарында асыл тастар мен гүлдерге қатысты түсіндірмелер беріп кетеді. Өнертанушы А.С.Меликиан-Ширвани (2001) иран мәдениетіндегі лағыл тасының рөлін ашып көрсетеді. Автор лексикографиялық деректер негізінде бұл атаудың шығу төркінін, лағылдың поэзия мен ғылымдағы символдық қызметін сипаттайды, сонымен бірге иран билеушілерінің сарайларында аталған асыл тастың қолданысын талдайды. Еңбек құнды мәліметтер ұсынуымен маңызды, алайда тарихи талдаумен ғана шектеледі. Сол сияқты, Н. Фармани (2009), А.Афшар (2016) және Н. Мохаммад (2021) еңбектері асыл тастардың белгілі бір ақын шығармашылығындағы, белгілі тарихи кезеңдегі қолданысына немесе минералдар мен тастардың емдік қасиеттеріне арналған.

Парсы тіліндегі асыл тастар мен гүл атаулары негізінен тарихи-сипаттамалық тұрғыда қарастырылған. Гүлдер мен асыл тастардың поэтикалық символ ретіндегі қызметі, метафоралық қолданысы зерттеліп, парсы тіліндегі асыл тастар мен фитонимдер сөздіктерін құрастыру секілді қолданбалы еңбектер жүргізілген. Парсы тіліне қатысты лингвомәдени зерттеулер белсенді дамып жатқанымен, парсы тіліндегі асыл тастар (лағыл, фирузе, ақық, жақұт, зүмірет, дүр, маржан, інжу) мен гүлдер (раушан, нәркес, шегіргүл, қызғалдақ, лалагүл, ақжұпар) – мәдени концептуалдану нысаны ретінде арнайы қарастырылмаған. Парсы тіліндегі асыл тастар мен гүлдер атауларына қатысты еңбектер көбіне тарихи-сипаттамалық мазмұнға ие. Лексикографиялық жинақтарда асыл тастар мен гүлдердің метафоралық қолданыстары тіркелгенімен, олардың мәдени-танымдық тұрғыдан концептуалдану механизмі жүйелі түрде зерттелмеген.

Олардың концептуалдану механизмі, құрылымы және танымдық негізі жүйелі түрде талданып болған жоқ.

Зерттеудің мақсаты – парсы тіліндегі мәдени концептілердің вербалды репрезентациясындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктерді парсы дискурстарындағы гүл және асыл тас атауларының концептуалдануын талдау арқылы анықтау.

Зерттеу міндеттері. Мақсатқа жетуде төмендегідей міндеттер белгіленді:

- лингвистикадағы тіл мен мәдениет байланысын зерттейтін лингвомәдениеттану және Мәдени Лингвистика бағыттары арасындағы теориялық-әдіснамалық айырмашылықтар мен ортақтықтарды анықтау;
- Мәдени Лингвистика мен лингвомәдениеттанудағы *мәдени концепт* және *мәдени концептуалдау* ұғымдарының арақатынасын нақтылау;
- мәдени концептілердің вербалды формалары мен оларды талдау құралдарын бекіту;
- парсы дискурстарындағы гүл және асыл тас концептілерінің вербалды репрезентациясындағы мәдени ақпаратты когнитивті құралдар арқылы талдау.

Зерттеудің нысаны. Парсы дискурстарындағы мәдени концептуалдану үдерісі барысында түзілетін концептілер.

Зерттеудің пәні. Парсы тіліндегі мәтіндерде гүл және асыл тас атаулары түзетін мәдени концептілерінің вербалды репрезентанттары.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін Мәдени Лингвистика бағыты бойынша ирандық және шетелдік ғалымдардың (Ф. Шарифиан, А. Даббағ, М. Кешаварз, Н. Ноушади; А. Глаз, Е. Бартминский) еңбектері, тіл мен мәдениет байланысының теориялық негізін құрайтын зерттеулер (А. Вежбицкая, Н. Уәлиұлы, А. Ислам, А.Киклевич, Е. Березович, О.Дубровская т.б.), сонымен бірге парсы тілі мен әдебиетіне зерттеуге арналған қазақстандық шығыстанушылардың (Л.Рүстемов, Б.Жұбатова, Ғ.Қамбарбекова) еңбектері құрайды.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында теориялық материалдарды өңдеуде жинақтау, сұрыптау, салыстыру, сипаттау, қорытындылау сияқты жүйелік талдау әдістері қолданылды. Парсы тілі мен поэтикалық мәтіндердің танымдық мәні мен концептілер жүйесін анықтауда концептуалдық талдау, когнитивтік интерпретация әдісі, метафоралық модельдеу, контент-талдау тәрізді комбинаторлық интегративті әдістер пайдаланылды. Парсы тілінің деректер базасы мен әдеби корпустардағы тілдік бірліктерді талдау барысында статистикалық өңдеу және корпустық талдау әдістері қолданылды. Ғылыми деректер базасының талдау құралдары мен Vosviewer бағдарламасы негізінде библиометриялық талдау жасалды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- қазақстандық шығыстану ғылымындағы әдіснамалық плюрализмді қамтамасыз ететін Мәдени Лингвистика мен лингвомәдениеттану бағыттарына негізделген синкретті зерттеу моделі ұсынылады;
- парсы тіліндегі мәдени концептілердің вербалды репрезентациясы гүл мен асыл тас атауларының концептуалдану механизмдері арқылы талданады;

- мәдени метафора, мәдени схема, мәдени категория сияқты лингвистикалық талдау құралдары қосымша семио-мәдени талдау құралымен толықтырылады;
- Мәдени Лингвистиканың эмпирикалық базасы парсы тілінің материалдарымен кеңейтіледі;
- гүл және асыл тас концептілері ирандықтардың ұлттық-мәдени болмысының репрезентанттары ретіндегі мәні анықталады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Мәдени концепт – белгілі бір мәдениет аясына топтасқан индивидтердің қоршаған әлемді тануы мен ұғынуы барысында іске қосылатын, концептуалдау үдерісінің нәтижесінде түзілетін, сол мәдениет өкілдеріне ортақ, әрі уақыт өте келе мазмұны өзгеріп не жойылып отыратын менталды құрылым.
2. Мәдени концептіге белгілер тән: тұрақты тіркестерде қолданылады; әртүрлі дискурстарда кездеседі; бейвербалды формада көрініс табады; семантикалық өрісі кең; когнитивті үдерістерден өтеді; динамикалық құрылым; символдық мәнге ие; мәдени болмысты ашады.
3. Концептілер тек дерексіз ұғымдар ғана емес. Концептуалдану үдерісі нәтижесінде номинативті бірліктер де концептілер жүйесіне өтіп, мәдени маңызы бар концептілер түзе алатын әлеуетке ие.
4. Мәдени концептілер тілде мәдени схема, мәдени категория, мәдени метафора және мәдени символ формасында вербалданады. Оларды талдау – схемалау, категориялау, бейнелі ойлау тәрізді когнитивті үдерістермен тығыз байланысты жүзеге асады.
5. Парсы тіліндегі гүл және асыл тас концептілерінің репрезентациялану әлеуеті бірдей емес: гүл концептісінің вербалдану деңгейі асыл тас концептісіне қарағанда жоғары. Бұл денотаттардың табиғаттағы көрінісімен байланысты.
6. Парсы тіліндегі гүл және асыл тас ирандықтардың аксиологиялық, эстетикалық, эмоциялық, этикалық және философиялық құндылықтарын репрезентациялайтын ядролық мәдени концептілер болып танылады.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы. Диссертациялық зерттеудің ғылыми тұжырымдары мен нәтижелері Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының отырысында талқыланды. Зерттеудің негізгі нәтижелері ҚР ҒЖБМ сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған отандық басылымдарда 3 мақала, Scopus деректер базасына кіретін журналда 1 мақала, халықаралық конференция жинағында 1 мақала жарияланған.

Диссертация құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.